

Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжі

Мен өмірді сүйемін

Жауапты оқытушылар: Ж.Б.Шулгауова

Э.Н.Саурамбаева

Ә.Т.Шәріпбаева

Ғ.К.Каримбаев

Мен өмірді сүйемін

Іс-шараның мақсаты: Студенттердің өмірге деген құштарлығын, қызығушылығын ояту. Өмірге жақсы көз қараспен қарауға, өмірді сүйуге, қадірлей білуге, өмірді бағалауға және айналасына қуаныш сыйлауға баулу.

Музыка ойналады.



Кіріспе сөз: Колледж психологі Жанат Байсұлтанқызы.



1-жүргізуші: Өмір деген тұрмайды, бір арнада
Су сияқты ағып жатқан жылғада.
Адамдар, өмір үшін күресіндер,
Уақыт мәңгі тұрмайды бір орнында.



2-жүргізуші: Уақыт,сынап сияқты жылжып жатыр
Күн артынан күн өтіп сырғып жатыр.
Адамдар уақытпенен санасады,
Бәрі асығыс,арпалыс,жарысады.

1-жүргізуші: Өмір мәнін түсінбейді ұқпайды
Пенделіктің аясынан шықпайды
О,пенделер аялайтын өмірді
Бес күн жалған,мәңгі өмір тұрмайды
Қонақпыз біз өмірдегі бес күндік
Аялайық,өзімізді мәңгілік!

2-жүргізуші: Құрметті қонақтар білім қуған студенттер «Мен өмірді сүйемін атты» акцияға қош келдіңіздер!



1-жүргізуші Өмір адамға бір-ақ рет берілетін баға жетпес қымбат сый. Осындай сыйды бізге сыйлаған кім? Әрине саған осындай баға жетпес сый сыйлаған ең қымбат адамдарың ата-анаң. Егер саған анаң осындай баға жетпес сый-сыйласа, сен соған лайықты өмір сүруге тиіссің. Адамдар, негізінен, бұл өмірге қонақ. Соны түсініп, сезіне білген адам өмірдің шын рахатын сезінеді. Өмірдегі түрлі оқиғаларды саған сүйеу болатын, сүрінгенде демейтін досың болғаны дұрыс.

2-жүргізуші:

Жақсы досы бар адам түзу жолдан таймайды.

Өмір – өзен ағып жатыр, тынбайды

Өмір болмас қасіретсіз мұң-қайғы,- деп қазақ халқы өмірді ағып жатқан өзенге теңейді. Өйткені өмір өзен тәрізді тоқтаусыз, ешкімге білдірмей өтіп жатады.

1-жүргізуші: Өмір деген тұрмайды қап-қарадан
Өмір деген тұрады ақ-қарадан.
Ақ қара екі арасын ашып өтіп,
Арымен өз бақытын тапқан адам.

2-жүргізуші: Топ студенттері өмір жайлы сыр шертеді.

1. Шұғыла
2. Диас
3. Айгерім
4. Карина
5. Ыдырыс
6. Гаухар



2-жүргізуші: Жаңа өмір, жас ұланға гүлін шашты,
Тасыды, өсті олар да алға басты.
Көз ашық, ойға терең өнерпаздар
Өнерін шарықтатып, кенін ашты дей келе келесі кезекті әсем
әнге берейік. Нұргүл Сейткамалқызы



1-2 жүргізушілер кезекпен
Өмір –сенің мүмкіндігің,пайдалана біл
Өмір-сұлулық,сүйсіне біл
Өмір-арман,жүзеге асыр

Өмір-парыз.орындай біл
Өмір-ойын,ойнай біл
Өмір-байлық бағалай біл
Өмір-құпия,сырын аш
Өмір-күрес,жеңе біл
Өмір-қайғы көтере біл
Өмір-бақыт баянды ете біл

1-жүргізуші :

Өмір –теңіз,жүзем онда деменіз

Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз

Сөз кезегін:Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:Нұршат

Қайратқызына берсек

2-жүргізуші: 203-топ студенттерінен құралған «заманауи» биіне кезек береміз



1-жүргізуші: «Өмір» бұл қазір.Ол кеше немесе ертең емес.Өмір-қас-қағым сәт,кірпік қағумен тең.Өміріміз,болашағымыз жарқын болсын десек тоқтаусыз тек алға қарай талпынуымыз керек.Өмірімізге наразылық тудырғанша мәнді өмір сүруге ұмтылайық!



2-жүргізуші: «Мен өмірді сүйемін» атты акциямызды «Көңілді күн» әнімен аяқтаймыз.